




ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

# 2017 жылғы 9 айдағы төлем жүйелерін қадағалау (оверсайт) және көрсетілетін төлем қызметтері нарығының даму нәтижелеріне шолу



Алматы, 2017

**МАЗМҰНЫ**

КІРІСПЕ .....	3
1-БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ .....	5
1.1. Төлем жүйелерінің даму көрсеткіштері .....	5
1.2. БААЖ көрсеткіштері.....	7
1.3. БКЖ көрсеткіштері .....	9
1.4. Төлем жүйелеріндегі ақшаның өтімділігі және айналымдығы..	11
1.5. Төлем жүйелерінің жұмысқа қабілеттілік көрсеткіштері.....	13
2-БӨЛІМ. ТӨЛЕМ ҚҰРАЛДАРЫ .....	15
3-БӨЛІМ. ТӨЛЕМ ҚЫЗМЕТІ НАРЫҒЫ .....	18
3.1. Электрондық төлем қызметтері нарығының инфрақұрылымы.	18
3.2. Төлем карточкаларының нарығы .....	20
3.3. Интернет және мобильді төлемдер .....	23
4-ТАРАУ. АҚША АУДАРЫМДАРЫНЫҢ ЖҮЙЕЛЕРІ .....	25
5-БӨЛІМ. ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚША .....	30
6-БӨЛІМ. ТӨЛЕМ ҰЙЫМДАРЫ .....	31

---

## КІРІСПЕ

Көрсетілетін төлем қызметтерінің нарығы Қазақстан Республикасы қаржы нарығының ажырамас элементі болып табылады – төлем жүйелерінің тиімді жұмысы шаруашылық бірліктері арасындағы үздіксіз төлемдер ағынына кепілдік береді, төлем қызметтерін жеткізушілер клиенттердің төлемдік нұсқауларын уақтылы өңдеуді және орындауды қамтамасыз етеді.

Төлем жүйелерін Қазақстан Ұлттық Банкі басқаратын төлем жүйелеріне (Банкаралық ақша аударымы жүйесі және Банкаралық клиринг жүйесі), сондай-ақ карточкалық төлем жүйелерін және ақша аударымдары жүйелерін білдіретін жеке төлем жүйелеріне бөлуге болады. Жеке компаниялар және ұйымдар, көбінесе Қазақстан Республикасының бейрезиденттері көрсетілген төлем жүйелерінің операторлары ретінде іс-әрекет жасайды.

Бұл ретте Қазақстан Ұлттық Банкінің төлем жүйелері Қазақстан Республикасының аумағында ұлттық валютамен төлемдер жүргізуге бағдарланған және тиісінше елдегі төлемдердің неғұрлым үлкен ауқымын жабады. Осы төлем жүйелері арқылы бизнес-сектордың (B2B, B2G, B2P) және мемлекеттік сектордың (G2B, G2P) және сол сияқты халықтың төлемдері жүргізіледі. Жеке төлем жүйелері негізінен халықтың бөлшек төлемдеріне бағдарланған. Сонымен бірге, қоғамды цифрландырудың барынша ұлғаюына байланысты төлем қызметтерін жеткізушілер төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асырудың инновациялық және қолайлы тәсілдерін ұсына отырып, клиенттерге қашықтан қызмет көрсету қызметін дамытуға назар аударады.

Ұсынылып отырған талдамалық материал төлем нарығының 2017 жылғы 9 айдағы жұмысының нәтижелерін көрсетеді және төлем нарығының мынадай негізгі секторлары мен сегменттері (бөлімдер) бойынша талдауды қамтиды:

✓ Қазақстан Ұлттық Банкінің төлем жүйелері – көрсетілген төлем жүйелерінің талдау жасалып отырған кезеңдегі жұмысының қорытындылары туралы ақпарат, оның ішінде жүйелердің даму көрсеткіштері, жүйелердің өтімділігі мен жұмыс істеу мүмкіндіктерін талдау ашылған;

✓ Төлем құралдары – төлем құралдары бойынша айналымдар мен оларды заңды және жеке тұлғалардың пайдалану дәрежесі көрсетілген;

✓ Көрсетілетін төлем қызметтерінің нарығы – төлем карточкалары нарығына талдау, оның ішінде Интернет және мобильдік банкинг арқылы қашықтан төлем жасау жөніндегі ақпарат берілген;

✓ Ақша аударымдары жүйесі – жүйелер, валюталарды пайдалану және елдер бойынша ел ішіндегі және трансшекаралық аударымдарды талдау берілген;

✓ Электрондық ақша нарығы – елде жұмыс істейтін электрондық ақша жүйелері бойынша талдау берілген;

✓ Төлем ұйымдары – төлем ұйымдары Қазақстан Республикасының аумағында ұсынатын көрсетілетін төлем қызметтерін талдау берілген.

## 1-БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ

### 1.1. Төлем жүйелерінің даму көрсеткіштері

Банкаралық ақша аудару жүйесі (БААЖ) және Банкаралық клиринг жүйесі (БКЖ) ұлттық ауқымдағы, Қазақстан Республикасының аумағындағы төлемдердің негізгі көлемін өңдейтін басты төлем жүйелері болып табылады.

БААЖ-ның қатысушылары Қазақстанның барлық банкі, «Қазпошта» АҚ, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік


- ✓ төлемдерді Қазақстан бойынша теңгемен жүргізу;
- ✓ елде жүргізілген барлық қолма-қол жасалмайтын банкаралық төлемдердің 99%-ын өңдеу;
- ✓ нұсқаулардың төлемдерін іздіксіз және қауіпсіз жүргізу.

корпорациясы» КЕАҚ, Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі, Қазақстан қор биржасы, сондай-ақ жекелеген халықаралық банктер және бейрезидент қаржы ұйымдары болып табылады. БКЖ-ның қатысушылары Қазақстанның банктері, «Қазпошта» АҚ, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ, Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі болып табылады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің төлем жүйелерінің Операция орталығы Қазақстан Ұлттық Банкінің еншілес ұйымы «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ҚБЕО) болып табылады.

2017 жылы Қазақстан Ұлттық Банкінің төлем жүйелеріндегі төлемдер көлемінің жыл сайынғы өсу үрдісі сақталды. Мәселен, **2017 жылғы қаңтар-қыркүйекте БААЖ және БКЖ арқылы 643,4 трлн. теңгеге сомаға 26,4 млн. транзакция жүргізілді.** 2016 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда төлем жүйелеріндегі төлемдердің саны 0,6%-ға (153,5 мың транзакцияға) азайды, бұл ретте төлемдер сомасы 49,2%-ға (212,1 трлн. теңгеге) өсті, бұған негізінен бағалы қағаздармен және депозиттермен операциялар бойынша төлемдер көлемінің өсуі негізі болды.


### БААЖ-дағы және Банкаралық клиринг жүйесіндегі төлемдер ағынының серпіні



Орташа алғанда бір операциялық күнде көрсетілген төлем жүйелері арқылы 2017 жылғы қаңтар-қыркүйекте 3,5 трлн. теңге сомаға 144,5 мың транзакция жүргізілді. 2016 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда төлемдердің орташа сомасы бір күнде 50%-ға (осы көрсеткіштің ұлғаюы олардың санының сақталуы аясында төлем сомаларының жалпы ұлғаюы есебінен болды) өсті.

Төлемдер сомасының ұлғаюы депозиттер бойынша операциялар сомасының 64,7%-ға, сондай-ақ бағалы қағаздармен және вексельдермен операциялардың 28,3%-ға ұлғаюына байланысты болды. Қазақстанның Ұлттық Банкі төлемдердің негізгі көлемін «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ және төлемдердің ең көп үлесі<sup>1</sup> бар бес банк арқылы жүргізді.


### БААЖ-да және БКЖ-де төлем тағайындау түрлеріне қатысты төлемдердің түрлері



<sup>1</sup> Екінші деңгейдегі банктердің арасындағы төлемдердің ең көп үлесі.

Қазақстан Ұлттық Банкінің төлем жүйелері арқылы жүргізілген төлемдердің сомаларынан негізгі үлес (99%) БААЖ-не тиесілі, мұнда төлем хабарларының негізгі саны БКЖ арқылы (үлесі - 59%) өңделеді.

**БААЖ-дегі** бір төлем хабарының орташа сомасы **2017 жылғы қаңтар-қыркүйекте 58,4 млн. теңге болды.** **БКЖ-дегі** бір төлем хабарламасының орташа сомасы **осы кезеңде 299,1 мың теңге болды.**





## 1.2. БААЖ көрсеткіштері

2017 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша БААЖ-не тіркелген қатысушылар саны 38 болды.

2017 жылғы қаңтар – қыркүйек аралығында БААЖ арқылы 638,8 трлн. теңге сомаға 10,9 млн. транзакция жүргізілді. 2016 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда төлемдер саны 4,9%-ға, төлемдер сомасы 49,6%-ға өсті.

### БААЖ-дегі төлемдер ағынының серпіні




Орташа алғанда бір операциялық күнде 2017 жылғы қаңтар-қыркүйекте БААЖ арқылы 3,5 трлн. теңге сомаға 59,8 мың транзакция

жүргізілді, бұл 2016 жылғы осындай кезеңдегі көрсеткіштен саны бойынша 4,9%-ға және сомасы бойынша 49,6%-ға жоғары.

Негізінен жүйе арқылы бағалы қағаздармен (БААЖ-дегі төлемдердің жалпы көлемінен 27,3%), банктер мен олардың клиенттерінің банкаралық депозиттерімен және меншік қаражатының аударымдарымен операциялар (12,8%) бойынша, сондай-ақ шетел валютасымен және бағалы металдармен операциялар (15,8%) бойынша төлемдер жүргізілді. Тауарлар және көрсетілетін қызметтер үшін төлемдердің көлемі 2017 жылғы талданып отырған кезең үшін жүйеде өңделген төлемдердің жалпы санынан 2,9% болды.

### БААЖ-да төлемдер белгілеу түрлері бойынша төлемдер көлемі



\* зейнетақы төлемдері және жардемақылар, ерекше аударымдар, бюджетке төлемдер және бюджеттен төлемдер қосылады.

Пайдаланушылардың тобына қатысты төлемдер көлемінің ең үлкен үлесі 2017 жылы «Ұйымдар»<sup>2</sup> тобына тиесілі – 64,6%, бұл осы топта Қазақстан Ұлттық Банкінің, «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-тың және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың болуымен сипатталады. 2017 жылғы қаңтар-қыркүйекте топтың осы қатысушыларының үлесі 2016 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 3,7%-ға ұлғайды. Бұл ретте 2017 жылғы 9 айда барлық төлемдердің 18,9%-ы төлемдердің ең көп көлемі бар бес банкке тиесілі.

**БААЖ-дегі жеке тұлғалардың төлемдері мен ақша аударымдары<sup>3</sup> жүйе арқылы жүргізілген төлемдер мен ақша аударымдарының жалпы көлемінен аздаған үлесті (1 112,1 млрд. теңге - 0,3%) иеленіп отыр, төлемдер мен ақша аударымдарының 99,7%-ы заңды тұлғаларға тиесілі. Жеке тұлғаның нұсқауы бойынша**

<sup>2</sup> «Ұйымдар» тобына банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, Қазақстанның Ұлттық Банкі, Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті кіреді.


<sup>3</sup> Экономиканың «үй шаруашылықтары» секторы бірге тұрып жатқан, кірістері мен мүлігін қосатын (толық немесе ішінара) және тауарлар мен қызметтің белгілі бір түрін (тұрғын үйді, тамақ өнімдерін және басқаны) бірлесіп тұтынатын жеке тұлғалардан, сондай-ақ жеке тұлғалардың аздаған топтарынан (отбасылардан) тұратын институционалдық бірліктерді білдіреді.




БААЖ-да бір төлем хабарының орташа сомасы шамамен 336,0 мың теңгені құрайды.

БААЖ-не төлемдік хабарлар саны бойынша негізгі үлеске 3 млн. теңгеге (87,0%) дейін сомаға төлемдер тиесілі, ең аз үлесті 500 млн. теңгеден 1 млрд. теңгеге дейін (0,3%) сомаға төлемдер құрайды. Бұл ретте төлемдердің негізгі сомасына 1 млрд. теңгеден астам аралықтағы төлемдер (үлесі 89,6%) тиесілі.

### БААЖ-да сомалар аралығы бойынша төлемдер саны



### БААЖ-да сомалар аралығы бойынша төлемдер сомасы




## 1.3. БКЖ көрсеткіштері


2017 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша Банкаралық клиринг жүйесіне қатысушылардың саны 36 болды.

2017 жылғы қаңтар-қыркүйек аралығында БКЖ арқылы 4,6 трлн. теңге сомаға 15,5 млн. электрондық төлем хабары өңделді. 2016 жылдың

### БКЖ-да төлемдер ағымының серпіні



осындай кезеңімен салыстырғанда клиринг жүйесінде төлем хабарының саны 4,1%-ға азайды, бұл ретте төлем сомасы 8,0%-ға өсті.




2017 жылғы қаңтар-қыркүйекте БКЖ арқылы орташа алғанда бір операциялық күн ішінде 25,3 трлн. теңгеге 84,7 мың транзакциялар өткізілді, бұл 2016 жылғы осындай кезеңнің көрсеткіштерінің саны бойынша 4,1%-ға төмен және сомасы бойынша 8,0%-ға жоғары.

2017 жылы талданып отырған кезеңде клиринг жүйесінде пайдаланушылар тобы бойынша төлемдер көлемдерінің үлесі БААЖ қарағанда неғұрлым біркелкі бөлінді. Мәселен, 2017 жылғы қаңтар-қыркүйекте төлемдерінің көлемдері көп бес банктің үлесі – 40,8%-ды, басқа банктердің үлесі – 20,4%-ды, Ұйымдардың<sup>4</sup> үлесі – 25,9%-ды құрады.

2017 жылғы қаңтар-қыркүйекте клиринг жүйесінде төлемдердің негізгі көлемі шаруашылық жүргізу субъектілерінің тауарлар мен материалдық емес активтер үшін есеп айырысулары (жүйедегі төлемдердің жалпы көлемі 29,0%-ды құрады) бойынша төлемдеріне, көрсетілген қызметке (үлесі – 24,8%) тиесілі, бұл ретте бюджетке төлемдер және бюджеттен төлемдер жалпы көлемінің 17,9%-ын құрады.

### БКЖ-да төлемдерді белгілеу түрлері бойынша төлемдердің көлемі




<sup>4</sup> «Ұйымдар» тобына жекелеген банк операцияларын жүзеге асыратын ұйымдар, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті енгізілген.

Банкаралық клиринг жүйесіндегі операциялық күннің қорытындылары бойынша 2017 жылғы қаңтар-қыркүйек кезеңі ішінде пайдаланушылардың таза позицияларын есептеуге арналған орташа уақыт 1 минут 12 секундты құрайды, бұл БКЖ-ның жоғары өнімділігін көрсетеді.

Жеке тұлғалардың БКЖ-дағы төлемдерінің үлесі төлемдердің жалпы сомасынан 8,9%, тиісінше заңды тұлғалардыкі – 91,1% болды. БКЖ-да жеке тұлғаның нұсқауы бойынша бір төлем хабарының орташа сомасы 24,0 мың теңгені құрады. Қатысушылар жеке тұлғалардың төлемдері бойынша жүйеге жіберген төлем хабарлары бойынша негізгі үлес әлеуметтік төлемдерге (61,7%), бюджетке төлемдерге (18,8%) және өтеусіз аударымдарға (7,8%) тиесілі болды. 2017 жылы 9 айда БКЖ арқылы жүргізілген жеке тұлғалар төлемдерінің жалпы өсімі 2016 жылмен салыстырғанда 12,7% болды.

Төлемдер сомасы бойынша БКЖ-дағы транзакциялар саны бойынша ең көп үлес 500 мың теңгеге (89,3%) дейінгі аралыққа тиесілі, ең аз үлесті 500 мың теңгеден 1 млн. теңгеге (3,2%) дейінгі төлемдер құрайды. Төлемдер сомасы бойынша негізгі үлес 1 млн. теңгеден (үлесі 79,1%) астам аралықта төлемдерді құрайды.

**Сомалар аралығы бойынша БКЖ-дағы төлемдер**  
Саны Сомасы




#### 1.4. Төлем жүйелеріндегі ақшаның өтімділігі және айналымдығы

Төлем жүйелерінде оларды іске асыру кезінде елдің қаржылық тұрақтылығына айтарлықтай әсері етуі ықтимал өтімділік тәуекелі мен жүйелі тәуекелді басқару мақсатында Қазақстанның Ұлттық Банкі және төлем жүйелеріне қатысушылар тұрақты негізде қатысушылардың жүйелердегі позициясын бақылау мен мониторингін жүргізіп тұрады.

БААЖ-дағы өтімділіктің орташа күндік көлемі (пайдаланушылардың жүйеге төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру үшін аударатын


ақша сомасы) 2016 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 28,7%-ға (284,9 млрд. теңгеге) артып, 2017 жылғы қаңтар-қыркүйекте 1 275,1 млрд. теңгені құрады. 2010 жылмен салыстырғанда БААЖ-дың өтімділігі 74,1%-ға өсті, бұл кредиттік және өтімділік тәуекелдерінің көрсетілген кезеңде айтарлықтай төмендеуін көрсетеді.

### БААЖ-дың өтімділік көрсеткіштері



2017 жылғы талданып отырған кезеңде БААЖ-ғы пайдаланушылар өтімділігінің орташа күндік көлемі төлемдердің орташа күндік сомасынан 36,5%-ды құрады.


### БААЖ-ға қатысушылардың 2017 жылғы өтімділігінің өзгеру серпіні



БКЖ-да тиімділікті талдау мақсатында төлемдер жүргізу үшін ақшаның қарсы ағымы неше рет пайдаланғанын көрсететін ақша айналымдығы коэффициентінің есебі, сондай-ақ жүйеге қатысушылардың таза позициясы сомасының талдауы қолданылады. Мысалы, 2017 жылғы қаңтар-қыркүйекте орташа күндік КОД 5,0 құрады (мысалға, төлем жүйелерінде өтімділік 1 бірлік болған жағдайда, жүйеде қарсы төлемдер айналымы есебінен 5 бірлік жүргізіледі).

Бұл ретте, қолданушылардың таза позицияларының орташа күндік сомасы клиринг нәтижелері бойынша 5,1 млрд. теңге құрады, ол 2016 жылғы көрсеткіштен 5,2%-ға көп. БКЖ-ға қатысушылардың таза позицияларының сомасының үлесі БААЖ-ға қатысушылардың орташа күндік айналым сомасынан 0,2%-ды құрайды, бұл БКЖ қатысушыларының БААЖ-дағы таза позицияларын есептемеу тәуекелінің аз екенін білдіреді.

### 2017 жылғы БКЖ-дағы өтімділік пен айналымдық көрсеткіштері




### 1.5. Төлем жүйелерінің жұмысқа қабілеттілік көрсеткіштері

Қазақстанның Ұлттық Банкінің маңызды функцияларының бірі - төлем жүйелерін қадағалау (оверсайт) болып табылады, оған тұтас іс-шаралар кешені, соның ішінде аталған төлем жүйелерінің жұмыс істеуінің мониторингі мен сенімділігі және тиімділігін қамтамасыз ету пәніне олардың өнімділігін бағалау кіреді. Бұл ретте Қазақстанның Ұлттық Банкі және (ҚБЕО) төлем жүйелерінің операциялық орталығы тұрақты негізде төлем жүйелерінің, оның ішінде бағдарламалық техникалық кешенінің, төтенше жағдайлар туындаған жағдайда жүйе серверлеріне үздіксіз режимде жұмыс жүргізуге болатын резерв орталығының жұмысын қолдау бойынша жұмыстар жүргізеді.

2017 жылғы қаңтар-қыркүйекте бір секундта өңделген хабарламалар саны 10-дан 30 хабарламаға дейінгі аралықта болды. Бір төлем хабарламасын есептеудің ең төменгі уақыты 2017 жылдың талданып отырған кезеңінде 1 секундты құрады, бұл жүйенің жоғары өнімділігін сипаттайды.

Банкаралық төлем жүйелерін тиімді дамытудың негізгі көрсеткіштері төлем жүйелерінің үздіксіз жұмыс (жұмыс істеу қабілеті)

коэффициенті болып табылады. Жалпы қабылданған нормаларды негізге ала отырып, 99%-дан астам көрсеткіш елімізде жұмыс істейтін жүйелердің жоғары тиімділігін сипаттайды. 2017 жылғы қаңтар-қыркүйекте БКЖ-да жұмыс істеу қабілеттілігінің коэффициенті 100,00%-ды құрады, бұл ретте БААЖ-да жұмыс істеу қабілеттілігі 99,99%-ды құрады.



2017 жылы Қазақстанның Ұлттық Банкінің төлем жүйелері қатысушылар төлемдерінің үздіксіз есеп айырысуын қамтамасыз етті (БААЖ жұмыс істеу қабілеттілігі коэффициенті 99,99%-ды, БКЖ – 100%-ды құрады). Бұл ретте төлем жүйелеріндегі төлемдер көлемінің өсу үрдісі сақталды (сомасы бойынша 49,2%-ға 643,4 трлн. теңге деңгейіне дейін өсу). Орташа алғанда бір күнде көрсетілген төлем жүйелері арқылы 3,5 трлн. теңге сомаға 145,3 мың транзакция жүргізіледі. Бұл ретте БААЖ арқылы негізінен заңды тұлғалардың (99,7%) төлемдері жүргізіледі. БААЖ-мен салыстырғанда Банкаралық клиринг жүйесінде бір төлемнің орташа сомасы әлдеқайда аз және 299,1 мың теңге болды, бұл осы жүйе арқылы тауарлар мен қызметтер үшін бөлшек төлемдерді, коммуналдық төлемдерді, салық төлемдерін жүргізілуімен сипатталады.


## 2-БӨЛІМ. ТӨЛЕМ ҚҰРАЛДАРЫ

Бөлімде Қазақстан аумағында төлем құжаттарын пайдалану, соның ішінде жеке және заңды тұлғалардың кредиттік құралдарды<sup>5</sup>, дебеттік құралдарды<sup>6</sup> төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асырудың өзге тәсілдерін қолданумен жүргізілген операцияларының талдауы берілген<sup>7</sup>.

### Заңды тұлғалардың төлемдері<sup>8</sup>

Заңды тұлғалардың<sup>9</sup>, банктер және «Қазпочта» АҚ арқылы төлем құралдарын қолданумен операциялары 2017 жылғы қаңтар-қыркүйек кезеңінде 521,1 трлн.теңге сомаға 479,3 млн транзакцияны құрады. Салыстыру үшін өткен 2016 жылдың осындай кезеңінде заңды тұлғалар төлем құралдарын қолдана отырып 389,4 трлн. теңге сомаға 427,2 млн. транзакция жүргізген.

### Заңды тұлғалардың төлем құралдарының жалпы санынан үлесі



	млн. тр	%-бен
Төлем тапсырмалары	201,7	42,1%
Чектер	0,09	0,0%
Басқа кредиттік құралдар	0,17	0,0%
Төлем хабарлары	16,8	3,5%
Төлем талаптары	9,8	2,0%
Инкассалық өкімдер	10,4	2,2%
Тікелей дебеттеу	9,7	2,0%
Төлем ордері	217,5	45,4%
Өзгелері	13,2	2,8%

Саны бойынша анағұрлым көп үлесті заңды тұлғалардың төлем ордерлерін (45,4%) және төлем тапсырмаларын (42,1%) қолдана отырып төлемдері мен ақша аударымдары алады, сомасы бойынша негізгі көлем оларды пайдаланумен заңды тұлғалардың нұсқаулары бойынша олардың банктік шоттарынан төлем тапсырмасын қолдана отырып төлемдер мен ақша аударымдары жүргізілетін төлем тапсырмасы (93,3%) құрайды.

<sup>5</sup> Кредиттік құралдарға төлем тапсырмалары, чектер, төлем хабарламалары, почта аударымдары, банкоматтар арқылы салықтар мен басқа міндетті төлемдер төлеу жатады.

<sup>6</sup> Дебеттік құралдарға төлем талап-тапсырмалары, инкассолық өкімдер, банктік шотты тікелей дебеттеу жатады.

<sup>7</sup> Басқаларға аталған құралдарды қолданумен кредиттік, сондай-ақ дебеттік аударымдарды, сондай-ақ төлемдерді жүзеге асырудың өзге тәсілдері жүргізіле алатын төлем карточкалары (қолма-қол ақшаны алу, қолма-қол ақшасыз төлемдер) және төлем ордерлері жатады.

<sup>8</sup> Ақша жөнелтушінің экономикасы секторы – орталық үкімет (1), өңірлік және жергілікті басқару органдары (2), орталық (ұлттық) банктер, (3), басқа депозиттік ұйымдар (4), басқа қаржылық ұйымдар (5), мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар (6), мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар (7), коммерциялық емес ұйымдар, қызмет көрсететін үй шаруашылығы (8).

<sup>9</sup> Ақша аударымдары жүйесі арқылы траншекаралық төлемдер мен ақша аударымдарын есептемегенде, банктер арасында ашылған корреспонденттік шоттар.

Кіші түрлері	Саны (мың тр.)	Сомасы (млрд. теңге)
кредиттік	218,7	490 220,6
құрылымдағы үлесі (в%)	45,6%	94,1%
дебеттік	29,8	6 581,3
құрылымдағы үлесі (в%)	6,2%	1,3%
басқалар	230,8	24 319,0
құрылымдағы үлесі (в%)	48,1%	4,7%
<b>Жиынтығы</b>	<b>479,3</b>	<b>521 120,8</b>


2017 жылғы қаңтар-қыркүйек кезеңінде төлем құралдарының шағын түрлері бойынша саны бойынша неғұрлым үлкен үлесті заңды тұлғалардың өзге төлем құралдарын (48,1%) және кредиттік төлем құралдарын (45,6%) пайдаланумен

операциялары алады.

### Жеке тұлғалардың төлемдері<sup>10</sup>

Жеке тұлғалардың<sup>11</sup> 2017 жылғы қаңтар-қыркүйек кезеңінде төлем құралдарын қолданумен банктер және «Қазпочта» АҚ арқылы операциялары 15,4 трлн. теңге сомаға 616,6 млн. транзакцияны құрады. Салыстыру үшін өткен жылдың осындай кезеңінде жеке тұлғалар төлем құралдарын қолданумен 27,8 трлн. теңге сомаға 462,4 млн. транзакция жүргізді.

### Жеке тұлғалардың төлем құралдарының жалпы санынан үлесі



Қолданылатын төлем құралдарының жалпы санындағы айтарлықтай үлкен үлесті заңды тұлғалардың төлем карточкаларын (52,4%) және төлем ордерлерін (33,0%) қолданумен операциялары алады, бұл банктер мен олардың клиенттері арасындағы, оның ішінде банктің қызметіне ақы төлеу, клиенттердің ағымдағы шотына сыйақы төлеу бойынша аз ғана сомаға төлемдер үшін төлем ордерлерін қолданумен сипатталады.

<sup>10</sup> «Үй шаруашылығы - 9» ақша жөнелтушінің экономикасы секторы – жеке тұлғалардан, сондай-ақ бірге тұратын, өз кірістері мен мүлкін біріктіретін (толығымен немесе ішінара) және тауарлар мен қызметтердің белгілі бір түрлерін (тұрғын үй, азық-түлік тағамдары және басқа) ортақ қолданатын жеке тұлғалардың шағын топтарынан (отбасы) тұратын институционалдық бірліктерді білдіреді.

<sup>11</sup> Ақша аударымдары жүйесі арқылы траншекаралық төлемдер мен ақша аударымдарын есептемегенде, банктер арасында ашылған корреспонденттік шоттар.



Сомасы бойынша негізгі көлем төлем тапсырмаларына (59,9%) және төлем ордерлеріне (17,1%) келеді.


Кіші түрлері	Саны (мың тр.)	Сомасы (млрд. теңге)
кредиттік	62,9	9 581,2
<i>жалпы жиынтыққа %-бен</i>	<i>10,2%</i>	<i>61,9%</i>
дебеттік	25,5	1 758,5
<i>жалпы жиынтыққа %-бен</i>	<i>4,1%</i>	<i>11,4%</i>
өзге	528,2	4 133,0
<i>жалпы жиынтыққа %-бен</i>	<i>85,7%</i>	<i>26,7%</i>
<b>Жиынтығы</b>	<b>616,6</b>	<b>15 472,6</b>

2017 жылғы қаңтар-қыркүйек кезеңінде төлем құралдарының шағын түрлері бойынша саны бойынша неғұрлым үлкен үлесті жеке тұлғалардың төлем құралдарын (85,7%) және кредиттік төлем құралдарын (10,2%) қолданумен операциялары алады.

### 3-БӨЛІМ. ТӨЛЕМ ҚЫЗМЕТІ НАРЫҒЫ

#### 3.1. Электрондық төлем қызметтері нарығының инфрақұрылымы

Қазақстан банктері қашықтан төлемдерді жүзеге асыру үшін клиенттер үшін интернет және мобильді банкинг жүйесін, сондай-ақ POS-терминалдар, банкоматтар, банктік киосктер мен мезеттік ақы төлеу терминалдары сияқты қашықтан қолжетімділік құрылғыларын ұсынууда.



Электрондық банктік терминалдар инфрақұрылымының 2017 жылғы 1 қазандағы көрсеткіштері мынадай түрде берілген:

- 121 725 POS-терминал, оның 111 800 сауда және қызмет көрсету ұйымдарында орнатылған (өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда өсу тиісінше 19,4% және 18,8%);

- 9 688 банкомат, оның 1 591 қолма-қол ақшаны қабылдау функциясымен (өсу тиісінше 2,8% және 6,4%);


- 864 банктік дүңгіршектер (азаю 36,5%);

- қолма-қол төлемдерді қабылдау үшін мезеттік ақы төлеудің 15 315 терминалы (өсу 6,4%).

2014 жылдан бастап сауда және/немесе сервис кәсіпорындарында POS-терминалдарын орнату есебінен төлем карточкаларын ұстаушыларға қызмет көрсету желісінің айтарлықтай кеңеюі байқалады, ол оның ішінде қызметтің<sup>12</sup> белгілі бір түрін жүзеге асырған кезде сауда субъектілері ақы төлеуге төлем карточкаларын қабылдау бойынша белгіленген нормативтік талаптарға байланысты.

<sup>12</sup> «Жекелеген қызмет түрлерінің және төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді қабылдауға арналған жабдық (құрылғы) қолдану тізбесін бекіту және «Жекелеген қызмет түрлерінің және төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді қабылдауға арналған жабдық (құрылғы) қолдану тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 қазандағы № 1147 қаулысының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 21 қазандағы № 604 қаулысы.


### Электрондық терминалдар желісін дамытудың серпіні



Айналыстағы төлем карточкаларымен электрондық банктік терминалдардың сандық көрсеткіштерінің арақатынасында 1 000 ұстаушыға 8 POS-терминал мен 1 банкомат тиесілі.

Қашықтан банктік қызмет көрсетудің абсолюттік көрсеткіштегі анағұрлым дамыған желісі Алматы қаласында байқалады, оған кәсіпкерлер мен банктерде орнатылған POS-терминалдардың жалпы санынан 26,9% келеді, банктермен POS-терминалдар орнатуға шарт жасаған кәсіпкерлер 29,5%, POS-терминалдар орнатылған сауда орындары 28,7%, ел бойынша 19,4% банкомат, 9,7% банк дүңгіршегі және 15,4% мезеттік ақы төлеу терминалы бар.

### Өңірлерде инфрақұрылымның дамуы




Бұл ретте бір POS-терминалға бір күнде орташа алғанда шамамен 3 операция және бір банкоматқа - 65 операция келеді.

## 3.2. Төлем карточкаларының нарығы


2017 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша төлем карточкаларының эмиссиясын нақты 25 банк пен «Қазпошта» АҚ жүзеге асырды. Аталған күні айналыста 17,9 млн. төлем карточкасы болды, оларды ұстаушылар саны 15,9 млн. адам, 2016 жылғы осындай кезеңімен салыстырғанда осы көрсеткіштер бойынша тиісінше 16,1% және 13,4%-ға ұлғаю байқалады.

### Төлем карточкалары нарығының даму серпіні




Айналыстағы төлем карточкаларының негізгі үлесін халықаралық төлем жүйелері – 99,5% құрайды, олар VISA International (65,9%), MasterCard Worldwide (26,0%), Union Pay International (7,2%) және American Express International (0,4%) төлем карточкаларымен ұсынылды. Жергілікті жүйелер нарықтың 0,5%-ын алып отыр және Altyn Card жүйелері және Қазақстанның Ситибанкінің жергілікті карточкаларымен ұсынылды. Дебеттік төлем карточкаларының үлесі 82,8%-ын, кредиттік – 13,5%-ын, кредитті лимиті бар және алдын ала төленгені дебеттік - 3,8%-ын алып отыр.

### Төлем карточкалары жүйесінің айналыстағы төлем карточкаларының жалпы санындағы үлесі




### Айналыстағы төлем карточкаларының жалпы санында төлем карточкалары түрлерінің үлесі




2017 жылғы қаңтардан бастап қыркүйек аралығында Қазақстан эмитенттерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген операциялардың көлемі 9,6 трлн. теңге сомаға 323,7 млн. транзакцияны құрады (2016 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда транзакция саны 36,2%-ға, ал сомасы – 29,1%-ға ұлғайды). Олардың ішінде қолма-қол ақшасыз операциялардың үлесіне жалпы санынан 47,0%-ы және жалпы сомасынан 20,4%-ы, қолма-қол ақшаны беру бойынша операцияларға тиісінше 53,0%-ы және 79,6%-ы келеді.

### Қазақстан эмитенттерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып операциялардағы қолма-қол ақшасыз төлемдердің серпіні % көрсеткіште




### Операциялар санының өсу қарқыны (ұқсас кезеңдер бойынша), %-бен



Жоғарыда көрсетілген диаграммалар төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған қолма-қол ақшасыз операциялардың саны мен сомасының қарқынды өскенін көрсетеді, олардың көлемі 2016 жылғы осыған ұқсас кезеңмен салыстырғанда 1 965,5 млрд. теңге сомаға 152,1 млн. операцияны құрап, тиісінше төлемдердің саны бойынша 80,7%-ға және сомасы бойынша 75,0%-ға ұлғайды,

## Қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып операциялардың серпіні




Қазақстанның 85% тұрғындары төлем карточкаларын ұстаушылар болып табылады (Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстарында тиісінше 9,1% және 34,8%). Бұған Алматы қаласы біршама қарама-қайшы келіп тұр, өйткені оның көптеген тұрғындары әртүрлі эмитент банктердің бірнеше төлем карточкасын ұстаушы болып табылады.


**Банкаралық төлемдер.** Қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған банкаралық операциялар (банк желісіндегі бөтен карталар)<sup>13</sup> 1 311,8 млрд. теңге сомаға 71,2 млн. операция болды, ол 23,3%-ды және қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған ел ішілік төлемдердің жалпы саны мен сомасының 14,2%-ын.

Қолма-қол ақшаны алу бойынша операциялардың негізгі үлесін клиенттер негізінен өздерінің төлем карточкаларының эмитент банктерінің желісінде жүргізеді (транзакциялардың жалпы саны мен сомасының 83,7%-ы және 90,2%-ы), ол аталған операцияларды өз желісінде жүргізу тарифтерінің төмен болуымен сипатталады.

### Қолма-қол ақшаны алу бойынша операциялар



### Төлем карточкаларын пайдалан отырып жүргізілетін қолма-қол төлемдер



<sup>13</sup> Басқа эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалан отырып бір банктердің желісінде жасалған операциялар.

Бұл ретте, төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған банкаралық төлемдер Қазақстанда әртүрлі процессинг орталықтарында, сондай-ақ бір процессинг орталық шеңберінде қызмет көрсетілетін банктер арасындағы хостоаралық қосылулардың (Host 2 Host)<sup>14</sup> көмегімен халықаралық төлем жүйелерінің (VISA, Mastercard, UnionPay, American Express) инфрақұрылымы арқылы жасалады.


### 3.3. Интернет және мобильді төлемдер

Инновациялық технологиялардың дамуы банктік қызмет көрсетудің қашықтықтан байланыс арналарына белсенді өтуіне әсер етті. Банктер интернет арқылы қызмет көрсету мен мобильдік қызметке басты назар аударуда. Талдама жасалып отырған кезең ішінде Интернет пен мобильдік банкинг арқылы жүргізілген төлемдердің үлесі төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген қолма-қол ақшасыз төлемдердің жалпы көлемінің саны бойынша 38,7%-ын және сомасы бойынша 36,4%-ын құрады.

✓ интернет/мобильді банкинг арқылы жүргізілген төлемдер көлемінің 2016 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 78,9%-ға өсуі.

2017 жылғы қаңтар-қыркүйек аралығындағы кезеңде интернет/мобильді банкинг арқылы төлем картасын пайдалана отырып, **715,7 млрд. теңге сомаға 58,9 млн. операция жасалды**. 2016 жылғы жылдық көрсеткіштермен салыстырғанда аталған операциялардың саны мен сомасы 51,9%-ға және тиісінше 78,9%-ға ұлғайды.

#### ҚР аумағындағы Интернет/мобильді банкинг арқылы операциялардың серпіні



Интернет және мобильді банкинг арқылы операциялардың басым көлемі ақшаны бір банктік шоттан екінші банктік шотқа аударуға келеді – интернет төлемінің жалпы көлемінің 35,5%-ы немесе 254,2 млрд.

<sup>14</sup> Аталған арна екі банктің (немесе олардың процессингтік ұйымдарының) арасында соның негізінде екеуінің арасында шарт жасалған ақпараттық-технологиялық қосылудың бар екенін білдіреді.

теңге. Бұл ретте интернет арқылы анағұрлым жиі ұялы байланыс операторларының қызметіне ақы төлеу жүзеге асырылады – интернет төлемдердің жалпы санының 36,8%-ы немесе 21,7 млн. операция.

2017 жылдың 1 қазанында 7,8 млн. интернет және мобильді банкиг пайдаланушылары тіркелген, орташа алғанда бір айда 1,8 млн. пайдаланушылар операция жүргізілді (белсенді пайдаланушылар).

Бүгінгі күнде Қазақстанның төлем карточкаларының нарығы қарқынды дамуда. Төлем карточкаларын ұстаушылардың төлемдерді қолма-қол ақшасыз жүргізуге қызығушылығы артты. (саны бойынша 47%-ға дейін және сомасы бойынша төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалатын төлемдердің жалпы көлемінің 20,4%-на дейін өсті), оған қашықтан қызмет көрсету арналарын дамыту, төлем карточкаларының қызмет көрсету желілерін кеңейту, мотивациялық және қолайлы бағдарламалар бойынша банктер жүргізіп отырған жұмыстар әсер етті. Бұл ретте әрбір 2-3 төлем, оның ішінде ұялы байланыс қызметін, коммуналдық қызметтерді, салықты және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді төлеу үшін (бір төлемнің орташа сомасы шамамен 12 мың теңге) интернетті және мобильді банкингті пайдалана отырып жүргізіледі, ол аталған қызметті пайдаланудың қолайлы болуына байланысты болды.




## 4-ТАРАУ. АҚША АУДАРЫМДАРЫНЫҢ ЖҮЙЕЛЕРІ

Жеке тұлғалардың шетелге шұғыл және шағын ақша аударымдары үшін негізінен банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар ұсынатын ақша аударымдары жүйелерінің қызметтері, аталған төлем жүйелерінің операторларымен агенттік келісімнің негізінде қолданылады.

2017 жылғы қаңтар-қыркүйек аралығындағы кезеңде екінші деңгейдегі банктер және «Қазпочта» АҚ бөлімшелері арқылы ақша аудары ойынша көрсетілетін төлем қызметтері ақша аударымының 13

### Ақша аударымдары жүйелері арқылы жүргізілген ақша аударымдарының көлемі




жүйесі бойынша жүргізілді, 2016 жылғы осыған ұқсас кезеңде нарыққа ақша аударымының 14 жүйесі ұсынылды.

**Ақша аударымдары жүйелері арқылы жіберілген** транзакциялардың жалпы көлемі 2017 жылғы 9 айда **361,6 млрд. теңге сомаға 1,9 млн. транзакция болды** және 2016 жылғы қаңтар-қыркүйек аралығындағы кезеңмен салыстырғанда 24,0%-ға ұлғайды.

Бұл ретте ақша аударымы жүйелері негізінен басқа жеке тұлғалардың пайдасына өтеусіз өзіндік ерекшелікті аударымдарды жүргізуге бағытталған. 2017 жылғы қаңтар-қыркүйекте аталған аударымдардың көлемі 360,0 млрд. теңге сомаға 1,9 млн. транзакция болды, ол жеке тұлғалар аударымдарының жалпы санының 99,7%-ын және жалпы көлемінің 99,6%-ын құрайды.

### Ақша аударымдары көлемдерінің өзгеру серпіні




Халық шетелге ақша аудару үшін ақша аударымдары жүйесін белсенді пайдаланады. **2017 жылғы қаңтар-қыркүйекте шетелге жіберілген төлемдер мен ақша аударымдарының үлесі** жіберілген транзакциялардың жалпы санның **92,1%-ын** және жалпы сомасының **95,8%-ын** құрады.


Сонымен қатар, аталған жүйелер ел ішінде жедел аударымдарды жүзеге асыру үшін қолданылады, оның орташа сомасы 100 мың теңгеден асады. **Қазақстан бойынша ақша аударымы жүйесі арқылы жүргізілген** ақша аударымдарының көлемі, **2017 жылғы қаңтар-қыркүйекте 15,2 млрд. теңге сомаға 150,7 мың транзакция болды.**

Бұл ретте, Қазақстан бойынша жүргізілген аударымдардың жалпы көлемінің 6,8 млрд. теңге сомаға 125,8 мың транзакция ұлттық валютамен жүргізілді (ақша аударымдары жүйесі арқылы жүргізілген ақша аударымдарының жалпы саны мен сомасының 83,5%-ы және 44,8%-ы).

**ААЖ арқылы ел ішінде жөнелтілген аударымдардың жалпы санының үлесі <sup>15</sup>**



**ААЖ арқылы ел ішінде жөнелтілген аударымдардың жалпы сомасының үлесі**




Ел ішінде ақша аударуға арналған барынша танымал жүйелер Faster, Золотая корона және Western Union болып табылады, олар арқылы **2017 жылғы 9 ай ішінде Қазақстан бойынша жүргізілген транзакциялардың жалпы саны мен сомасының 54,4%-ы және 73,9%-ы жүргізілді.**

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы санының үлесі, %-бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомасының үлесі, %-бен
Faster	60,7	40,3%	5 065,8	33,4%
Золотая корона	15,6	10,4%	4 239,7	27,9%
Western Union	5,6	3,7%	1 914,6	12,6%
Блиц	7,6	5,1%	1 205,1	7,9%
Пошта аударымдары	56,8	37,7%	847,6	5,6%
Юнистрим	1,8	1,2%	729,6	4,8%
Contact	1,1	0,8%	710,4	4,7%
Банк шотын ашпастан жүргізілетін жедел ақша аударымдары	1,3	0,9%	311,1	2,0%
Көшбасшы	0,1	0,1%	163,4	1,1%
<b>Жалпы жиынтығы</b>	<b>150,7</b>	<b>100,0%</b>	<b>15 187,3</b>	<b>100,0%</b>

<sup>15</sup> Ақша аударымдары жүйесі.

2017 жылғы 9 ай ішінде ААЖ арқылы алынған және жөнелтілген аударымдардың көлемі




2017 жылғы қаңтар-қыркүйекте ақша аударымы жүйесі арқылы шетелге жөнелтілген ақша аударымдарының көлемі 346,4 млрд. теңге сомаға 1 776,8 мың транзакция болды, ол 2016 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда төлемдер саны бойынша 16,9%-ға аз және төлемдер сомасы бойынша 26,2%-ға артық.


Бұл ретте ақша аударымы жүйелері арқылы Қазақстаннан шетелге жөнелтілген аударымдар түсімнен біршама асады. 2017 жылғы қаңтар-қыркүйекте шетелден келіп түскен ақша аударымдары 226,9 млрд. теңге сомаға 1, 013,0 мың транзакция құрады (теріс сальдо 119,5 млрд. теңге болды).

2017 жылғы қаңтар-қыркүйекте ақша аударымы жүйелері арқылы шетелге жөнелтілген төлемдер мен ақша аударымдарының негізгі ағыны Золотая корона, Western Union, Юнистрим, Faster және Contact сияқты жүйелер арқылы бағытталды.

Шетелге жөнелтілген ақша аударымдарының жалпы санының үлесі



Шетелге жөнелтілген ақша аударымдарының жалпы сомасының үлесі




Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы санының үлесі, %-бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомасының үлесі, %-бен
Золотая корона	742,1	42,0%	159 522,3	46,1%
Western Union	236,6	13,4%	60 569,8	17,5%
Юнистрим	220,8	12,5%	40 861,0	11,8%


Faster	200,1	11,3%	27 408,4	7,9%
Contact	103,7	5,9%	26 430,7	7,6%
Блиц	186,5	10,6%	20 114,9	5,8%
MoneyGram	22,1	1,3%	7 341,4	2,1%
Дүниежүзілік пошта одағы жүйесі	49,9	2,8%	2 711,3	0,8%
Лидер	4,8	0,3%	1 339,1	0,4%
Близко	0,1	0,005%	70,9	0,02%
Анелик	0,003	0,0002%	0,2	0,0001%
Халықаралық пошта аударымдары	0,005	0,0003%	0,1	0,00002%
Жылдам пошта	0,001	0,0001%	0,03	0,00001%
<b>Жалпы жиынтығы</b>	<b>1 766,8</b>	<b>100,0%</b>	<b>346 370,0</b>	<b>100,0%</b>

2017 жылғы 9 ай ішінде төлемдердің негізгі ағыны Золотая корона, Western Union, Юнистрим және Faster сияқты жүйелер арқылы келіп түсті.

### Қазақстанға келіп түскен ақша аударымдарының жалпы санының үлесі



### Шетелден келіп түскен ақша аударымдарының жалпы сомасының үлесі



Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы санының үлесі, %-бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомасының үлесі, %-бен
Золотая корона	342,7	33,8%	111,1	49,0%
Western Union	254,3	25,1%	45,0	19,9%
Юнистрим	48,1	4,8%	20,4	9,0%
Faster	97,6	9,6%	17,9	7,9%
Блиц	128,2	12,7%	14,2	6,2%
MoneyGram	55,1	5,4%	9,9	4,3%
Contact	31,1	3,1%	5,7	2,5%
Дүниежүзілік пошта одағы жүйесі	50,4	5,0%	1,8	0,8%
Лидер	4,4	0,4%	0,8	0,3%
Близко	0,9	0,1%	0,1	0,03%
Анелик	0,033	0,003%	0,005	0,002%
Халықаралық пошта аударымдары	0,1	0,008%	0,003	0,002%
Жылдам ақша аударымдары	0,001	0,0001%	0,0001	0,00003%
<b>Жалпы жиынтығы</b>	<b>1 013,0</b>	<b>100,0%</b>	<b>226,9</b>	<b>100,0%</b>

2017 жылғы қаңтар-қыркүйекте ақша аударымы жүйесі арқылы ақша аударымдарының негізгі ағыны Ресейге, Өзбекстанға, Қырғызстанға, Қытай және Түркияға жіберілді.

#### Ақша аударымы жіберілген елдер

Ел	Саны (мың транзакция)	Жалпы санының үлесі, %-бен	Сомасы (млн. теңге)	Жапы сомасының үлесі, %-бен
Ресей Федерациясы	758,2	42,9%	129 464,4	37,4
Өзбекстан	437,8	24,8%	68 965,7	19,9%
Қырғызстан	145,8	8,3%	28 323,9	8,2%
Қытай	29,1	1,6%	27 144,4	7,8%
Түркия	66,1	3,7%	25 915,3	7,5%
Украина	60,7	3,4%	11 681,8	3,4%
Әзірбайжан	34,9	2,0%	6 737,9	1,9%
Тәжікстан	57,6	3,3%	5 471,5	1,6%
Армения	12,1	0,7%	3 717,6	1,1%
Грузия	14,8	0,8%	2 761,9	0,8%
Беларусь	12,9	0,7%	2 095,6	0,6%
Құрама Штаттар	5,4	0,3%	1 912,9	0,6%
Біріккен Араб Әмірліктері	3,5	0,2%	1 868,8	0,5%
Чех Республикасы	3,2	0,2%	1 186,6	0,3%
Басқалар	124,6	7,1%	29 121,7	8,4%
<b>Жалпы жиынтығы</b>	<b>1 766,8</b>	<b>100,0%</b>	<b>346 370,0</b>	<b>100,0%</b>

2017 жылғы 9 ай ішінде Қазақстанда ақша аударымының негізгі көзі Ресей Федерациясы, Корея және Қырғызстан сияқты елдер болып табылады.


#### Қазақстанға ақша аударымын жөнелткен елдер

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы санының үлесі, %-бен	Соммасы (млн. теңге)	Жапы сомасының үлесі, %-бен
Ресей Федерациясы	593,1	58,5%	134 390,0	59,2%
Корея Республикасы	41,4	4,1%	15 840,6	7,0%
Қырғызстан	30,5	3,0%	13 587,5	6,0%
Өзбекстан	24,0	2,4%	9 020,0	4,0%
Құрама штаттар	50,9	5,0%	8 207,0	3,6%
Германия	72,0	7,1%	6 732,8	3,0%
Түркия	29,5	2,9%	4 156,4	1,8%
Тәжікстан	9,8	1,0%	2 833,4	1,2%
Қытай	4,0	0,4%	2 594,3	1,1%
Біріккен Араб Әмірліктері	10,8	1,1%	2 012,1	0,9%
Басқа да	146,9	14,5%	27 515,8	12,1%
<b>Жалпы жиынтық</b>	<b>1 013,0</b>	<b>100,0%</b>	<b>226 889,9</b>	<b>100,0%</b>

## 5-БӨЛІМ. ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚША

Қазақстанда электрондық ақша нарығы белсенді дамуда, 2017 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша «электрондық әмияндар» саны 7,2 млн. бірлікті құрады


### 2014-2017 жылдарда электрондық ақшаны қолданумен төлем жүргізген электрондық ақша иелері санының өзгеру серпіні



Қазргі уақытта Қазақстан аумағында 17 электрондық ақша жүйесі жұмыс істейді: «E-KZT», «Woopay», «Visa Qiwi Wallet», «Личная Касса», «Paypoint», «Dar», «Homepay», «Халык», «AllPay», «Wallet One», «Kaspi Bank», «AlemPay», «Altynpay», «MultiB@nk», «MyBonus», «Homebank Wallet», «TengriWallet». Бұл ретте Қазақстан нарығында электрондық ақша жүйесінің туындауының жоғарғы шегі 2016 жыл болды. Аталған жылы 8 электрондық ақша жүйесі жұмыс істей бастады.

2017 жылғы қаңтар-қыркүйекте қазақстандық эмитенттердің Қазақстанның аумағындағы электрондық ақшаны қолданумен жүргізген операцияларының көлемі 240,3 млрд. теңге сомасына 57,1 млн. транзакция құрады (2016 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда операциялар саны 2,1 есеге, сома 2,6 есеге өскен).

### Электрондық ақшаны қолданумен жүргізілген операциялар



Бұл ретте, заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің пайдасына электрондық ақша аудару 2017 жылғы қаңтар-қыркүйекте 201,8 млрд. теңге сомаға 51,3 млн. транзакцияны құрады (саны бойынша 90% және

операциялар сомасы бойынша 84%), бұл 2016 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда операциялар саны бойынша 2,1 есеге және төлемдер сомасы бойынша 2,6 есеге артқан. Электрондық ақшаны жеке тұлғалардың пайдасына аудару 38,4 млрд. теңге сомаға 5,8 млн. транзакцияны құрады.

## 6-БӨЛІМ. ТӨЛЕМ ҰЙЫМДАРЫ

2016 жылғы 26 шілдеде Қазақстанда төлем жүйелерінің жұмыс істеуі және төлем қызметтері нарығын реттеу үшін құқықтық негіздерді айқындайтын «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының жаңа заңына қол қойылды.

Заңды іске асыру шеңберінде 2017 жылдың басынан бері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде төлем ұйымдарын есептік тіркеу жүзеге асырылуда.

2017 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 30 төлем ұйымы есептік тіркеуден өтіп, төлем ұйымдарының тізіліміне енгізілді. Төлем ұйымдары

Төлем қызметтері нарығын реттеу саласына нарықтың жаңа субъектілері – Заңда төлем қызметтерін көрсету үшін құқықтық негізі көзделген төлем ұйымы, төлем агенттері және банктің қосалқы агенттері енгізілді.

**Төлем қызметтерінің түрлері бойынша операциялар үлесі**



төлем қызметтерінің мынадай түрлерін көрсетеді:

- Тез төлем жүйелері операторларының қолма-қол ақшаны қабылдау бойынша қызметі;

- электрондық ақша саласындағы қызмет: электрондық ақшаны қолданумен операцияларды іске асыру және өңдеу;

- интернет пен мобильді қосымша арқылы төлем карточкаларын қолданумен операциялардың процессингі бойынша қызмет

Операциялардың ең көп үлесі қолма-қол ақшаны қабылдау бойынша қызметтерге (74,7%) тиесілі, бұл осы қызмет түрінің әртүрлі қызмет ақысын төлеу үшін төлем терминалдары арқылы көрсетілуіне байланысты болып отыр.

2017 жылғы қаңтар-қыркүйекте төлем ұйымдары **218,0 млн. транзакцияны** өңдеді, **көрсетілген төлем қызметтерінің көлемі 538,3 млрд. теңгені құрады.**

#### Төлем ұйымдары арқылы жүргізілген төлемдер түрлері бойынша үлес

